Ағымдағы операциялар шотындағы және капиталмен және қаржымен операциялар шотындағы операциялардың белгілері	«+» - кредит (тауарлар мен қызметтердің экспорты, алуға кірістер мен трансферттер) «-» - дебет (тауарлар мен қызметтердің импорты, төлеуге кірістер мен трансферттер) Сальдо = кредит + дебет	«+» - кредит (тауарлар мен қызметтердің экспорты, алуға кірістер мен трансферттер), дебет (тауарлар мен қызметтердің импорты, төлеуге кірістер мен трансферттер) Сальдо = кредит – дебет
Қаржы шотындағы операциялардың белгілері	«+» - міндеттемелердің ұлғаюы, активтердің төмендеуі «-» - активтердің ұлғаюы, міндеттемелердің төмендеуі Сальдо = барлық операциялардың қосындысы	«+» - міндеттемелердің немесе активтердің ұлғаюы, «-» - активтердің немесе міндеттемелердің төмендеуі Сальдо = активтер - міндеттемелер
Қаржы шотының және оның құрамдас бөлігінің сальдосы	Теріс – ресурстардың нетто-әкетілуі, оң – ресурстардың нетто-әкелінуі	Теріс – таза қарыз алу (ресурстардың нетто-әкелінуі), оң – таза кредиттеу (ресурстардың нетто-әкетілуі)
ТБ, ХИП және СБ-ның қаржы шотындағы секторлардың атауы	• Ақша-кредиттік реттеу органдары • Мемлекеттік басқару секторы • Банктер • Басқа секторлар	• Орталық банк • Мемлекеттік басқару органдары • Банктер • Басқа секторлар
ТБ, ХИП және СБ-ға тікелей инвестицияларды ұсыну	Инвестициялардың бағыты бойынша: Шетелге тікелей инвестициялар: • Талаптар • Міндеттемелер Қазақстанға тікелей инвестициялар: • Талаптар • Міндеттемелер	Активтер мен міндеттемелердің қағидаты бойынша Талаптар: • шетелге инвестициялар бойынша • Қазақстанға инвестициялар бойынша Міндеттемелер • шетелге инвестициялар бойынша • Қазақстанға инвестициялар бойынша
Тел кәсіпорындардың операцияларын есепке алу	Қаржы активтері мен міндеттемелерінің санатына қарай басқа инвестицияларда	Тікелей инвестицияларда

**Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің
халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі**

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
Мемлекеттік басқару органдары			
Борыштық бағалы қағаздар ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚР Қаржы Министрлігінің бағалы қағаздары (МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕУКАМ және басқалар) бойынша және ҚР Үкіметі шығарған еурооблигациялар бойынша резидент еместер алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық бағалы қағаздар. Мемлекеттік басқару органдары. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Кредиттер мен қарыздар. ХВҚ алдындағы, басқа да ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚР Үкіметі ХВҚ-дан және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарынан тартқан кредиттер бойынша, ресми екіжақты кредиттер мен басқа да кредиттер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер мен қарыздар. Мемлекеттік басқару органдары. ХВҚ алдында, басқа да ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Сауда кредиттері мен аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Мемлекеттік басқару органдарының резидент еместер алдындағы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген кредиторлық	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне кредиторлық берешектің ұлғаюы және азаюы сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері мен аванстар. Мемлекеттік басқару органдары. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Мемлекеттік басқару органдарының басқа да борыштық міндеттемелері бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген резидент еместердің алдындағы берешегі.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне міндеттемелердің ұлғаю және азаю сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа да міндеттемелер. Мемлекеттік басқару органдары. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Орталық Банк			
Борыштық бағалы қағаздар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚРҰБ ноттары бойынша резидент еместер алдындағы	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ)	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық бағалы

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	берешек.	нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің (ҚРҰБ) өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	қағаздар. Орталық Банк. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Арнайы қарыз алу құқықтары	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚРҰБ-тың ХВҚ-қа мүше мемлекеттерге АҚҚ жалпы бөлу шеңберіндегі ХВҚ алдындағы берешегі	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне АҚҚ бөлу және өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Арнайы қарыз алу құқықтары.
Қолма-қол валюта және депозиттер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚРҰБ-тың резидент еместердің қолдарында бар қолма-қол теңге бойынша, резидент еместер ҚРҰБ-та ашқан корреспонденттік, ағымдағы және жинақ шоттары бойынша резидент еместердің алдындағы берешегі.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне ҚРҰБ-тағы шоттарға орналастыру және олардан алу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ шоттар бойынша есептелген, бірақ төленуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Қолма-қол валюта мен депозиттер. Орталық Банк. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Кредиттер мен қарыздар. ХВҚ алдында, басқа да ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚРҰБ ХВҚ-дан және басқа да халықаралық ұйымдардан тартқан кредиттер бойынша, басқа да кредиттер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ кредиттер бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер мен қарыздар. Орталық Банк. ХВҚ алдында, басқа да ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Сауда кредиттері мен аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚРҰБ-тың тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша резидент еместердің алдындағы есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген кредиторлық берешегі.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне кредиторлық берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ сауда кредиттері бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері мен аванстар. Орталық Банк. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚРҰБ-тың резидент еместер алдындағы басқа да борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешегі.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да борыштық міндеттемелер бойынша есептелген, бірақ төленуге жатпайтын сыйақы	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа міндеттемелер. Орталық Банк. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
		бойынша берешек кіреді.	
Банктер (фирмаралық берешексіз)			
Борыштық бағалы қағаздар	Есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы Банктер дербес шығарған бағалы қағаздар бойынша берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық бағалы қағаздар. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Қолма-қол валюта мен депозиттер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер Банктерде ашқан корреспонденттік, ағымдағы және жинақ шоттары бойынша резидент еместер алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне Банктердегі шоттарға орналастыру және олардан алу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ шоттар бойынша есептелген, бірақ төленуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Қолма-қол валюта мен депозиттер. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді
Кредиттер мен қарыздар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместерден тартылған кредиттер бойынша, бас Банктердегі АМК салымдары бойынша (АМК-ның еурооблигацияларды шығаруы есебінен тартылған), резидент еместермен РЕПО операциялары бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешек	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ кредиттер бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер мен қарыздар. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді
Сауда кредиттері мен аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместер алдындағы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген кредиторлық берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне кредиторлық берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ сауда кредиттері бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері мен аванстар. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместер алдындағы басқа да борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да борыштық	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа да міндеттемелер. Банктер. Ұзақмерзімді,

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	берешек	міндеттемелер бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	қысқамерзімді.
Басқа секторлар (фирмааралық берешексіз)			
Борыштық бағалы қағаздар	Басқа секторлар дербес шығарған бағалы қағаздар бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық бағалы қағаздар. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Қолма-қол валюта және депозиттер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместер ҚРҰБ-ның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиясы бар банктік емес ұйымдарда ашқан шоттар бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы берешек	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне шоттарға орналастыру және шоттардан алу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ шоттар бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Қолма-қол ақша және депозиттер. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Кредиттер және қарыздар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместерден алынған, оның ішінде ҚР Үкіметі кепілдік берген кредиттер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша берешек	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ кредиттер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді. ҚР Үкіметі кепілдік берген берешек есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер және қарыздар. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді
Сауда кредиттері және аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы кредиторлық берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешек есебіне кредиторлық берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ сауда кредиттері бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері және аванстар. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Қысқамерзімді	Басқа да қысқамерзімді борыштық міндеттемелер бойынша	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы өтелмеген берешек.	Берешек есебіне қысқамерзімді берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да қысқамерзімді борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	міндеттемелер. Басқа секторлар. Қысқамерзімді
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді.	Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары бойынша, сондай-ақ басқа да ұзақмерзімді борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резиденттер алдындағы өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешек есебіне сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік бағдарламалары бойынша ұлғаю және азаю сомалары; ұзақмерзімді берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да ұзақмерзімді борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік бағдарламалары. Басқа секторлар. Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа міндеттемелер. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді.
Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек (Басқа секторлар)			
Шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелер	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бағам бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстанның тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелері.
Шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелер (кері инвестициялау)	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бағам бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстанның тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	міндеттемелер бойынша шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы берешек.	сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелері (кері инвестициялау).
Шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелер	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша шетелдік тел инвесторлар алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстан кәсіпорындарының шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелері.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен бекітілген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» 3-тармағына сәйкес.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік тікелей инвестициялардың статистикасы

Жұмабекова Д.С. – ҚРҰБ Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің жетекші маманы

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) – бұл ерекшелігі басқа елде орналасқан кәсіпорынның қызметіне тұрақты ықпал етуді иелену мақсатында инвестициялау болып табылатын халықаралық инвестициялық қызмет санаты. Тікелей инвестордың ұзақмерзімді мүдделілігі тікелей инвестициялау кәсіпорнымен (тікелей инвестициялардың реципиентімен) ұзақмерзімді қатынастарды орнатуды және тікелей инвестор тарапынан бұл кәсіпорынды басқаруға айтарлықтай ықпал етуді көздейді. Кәсіпорында дауыс беретін акциялардың ең болмаса 10% иелену тікелей инвестордың ұзақмерзімді мүдделілігін дәлелдейді.

Шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) рөлі дамушы экономикасы бар және табиғи ресурстарының қоры мол ел ретіндегі Қазақстан үшін өте маңызды. ШТИ желісі бойынша сыртқы қаржыландыруды кеңінен тарту Қазақстанға шикізат ресурстарының экспортын серпінді арттыруға, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жеделдетілген дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ел экономикасының дамуына ықпал ете отырып, ШТИ басқа елдермен ұзақмерзімді байланыстар орнатуда, технологиялық жаңалықтарға қол жеткізуде, сондай-ақ қазақстандық инвесторлардың шетелдік нарықтарға шығуында маңызды рөл атқарады.

Бұл мақала Қазақстанда тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінен 1993 жылдан бастап ШТИ статистикасының қалыптасу тарихына, ШТИ бойынша ақпаратты жинау тәжірибесіндегі өзгерістерге және осы жылдарда болған әдіснамалық өзгерістерге арналады.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Қазақстан ШТИ-ді тартуда жекешелендіру процесі маңызды рөл атқарды, ол өндіру салаларына шетелдік инвестициялар үшін жол ашты және өндірісті ретке келтіруге және оның ауқымын үлкейтуге, сондай-ақ өнімді өткізу нарығын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Жекешелендіру үш кезеңмен 1991 жылдан бастап 1998 жылға дейін жүзеге асырылды. Осы кезеңде шетелдік инвестициялар Алматы темекі комбинаты, Қарағанды металлургия комбинаты, «Жезқазғантүстіметал», «Ақтөбемұнайгаз» және басқалар сияқты компаниялардың капиталына салынды. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен шетелдік компаниялардың келісімі бойынша «Теңізшевройл» және «Қазақтүрікмұнай» сияқты бірлескен кәсіпорындар құрылды. ШТИ тартуда мұнайгаз секторы және қара және түсті металлургия кәсіпорындары, яғни жоғары экспорттық әлеуеті бар салалар көшбасшы болды.

1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) ШТИ-дің әкелінуін есебін Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінен келіп түсетін ақпараттың және ҚРҰБ ірі кәсіпорындарынан сұратып алған бейрезиденттермен жасалған операциялар туралы ақпараттың негізінде қалыптастырды. 1993 жылы «Валюталық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді. Серпінді дамып келетін экономикалық қатынастарды ескере отырып, және ШТИ-дің әкелінуі бойынша деректерді толық қамту мақсатында 1995 жылдан бастап ҚРҰБ капитал қозғалысының валюталық операцияларын тіркеуді енгізді, ол мемлекеттік органдардан алынатын ақпаратқа қосымша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар бойынша операцияларды және мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды қамтыды.

1995 жылдан 1999 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанға ШТИ көлемдерін бағалау үшін негізгі ақпарат көзі

бейрезиденттердің қазақстандық банктерге және кәсіпорындарға қатысуын, сондай-ақ басқалармен бірге тікелей инвесторлардан тартылған мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тіркеу бойынша есептік деректер болды. Сонымен бірге, тіркеуге капитал қозғалысының ірі операциялары ғана қамтылды, сондықтан резиденттердің, оның ішінде бірлескен кәсіпорындардың инвестициялық операцияларының қомақты көлемі тіркеуден тыс қалып отырды. Осы операцияларды толық қамту үшін тіркеумен қатар, 1999 жылы мемлекеттік статистикалық есептілік шеңберінде «Бейрезиденттерге қаржылық талаптар мен олардың алдындағы міндеттемелер туралы есеп» (1-ТБ нысаны) енгізілді.

Бұл есепті ҚРҰБ-қа тоқсан сайын тапсыруға тиіс респонденттердің тізбесі сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен шетелдің қатысуы бар кәсіпорындарды қамтиды. Бұл тізбе кәсіпорындардың жалпы мемлекеттік статистикалық бизнес-тіркелімінің және сыртқы қаржылық талаптары немесе міндеттемелері бар кәсіпорындарды анықтау мақсатында ҚРҰБ жүргізген арнайы пікіртерімнің негізінде айқындалды. 2000 жылы 1-ТБ нысаны бойынша есептілікпен қамтылған кәсіпорындардың саны 1400-ге жуық кәсіпорын болды.

Сыртқы сектордың статистикасын қалыптастыруға әдіснамалық тәсілдердің өзгеруіне қарай пысықталып отыратын «Бейрезиденттерге қаржылық талаптар және олардың алдындағы міндеттемелер туралы есепті» ҚРҰБ қазіргі кезде де жинайды. Қазіргі кезде осы есеп бойынша респонденттердің тізбесі кәсіпорындардың статистикалық бизнес-тіркеліміне және құрылатын қазақстандық кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес қалыптастырылады және үнемі жаңартылып отырады. Валюталық операцияларды тіркеу бойынша деректер кәсіпорынның бейрезиденттермен ірі инвестициялық мәмілелер жасауды бастауына қарай бұл тізбені толықтыруға мүмкіндік береді.

Капитал қозғалысының валюталық операцияларды тіркеумен қатар бейрезиденттермен инвестициялық операцияларды жүзеге асыратын резидент кәсіпорындардың көпшілігін статистикалық есептілікпен қамту ШТИ статистикасын сапалық тұрғысынан жақсартуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелердің статистикасының жалпы сапасы артты.

1993 жылдан 2012 жылға дейінгі кезеңде ШТИ-дің статистикалық көрсеткіштері Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) Нұсқаулығының бесінші басылымына (РПБ5, 1993 жылы шығарылды) сәйкес қалыптастырылды. Мәселен, шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі мынадай көрсеткіштерді қамтиды:

- бейрезиденттердің резиденттерге қазақстандық акционерлік капиталдың бір бөлігін (капиталға қатысу құралдарын) сатуды шегергенде бейрезиденттердің резиденттерден акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің кем дегенде 10% сатып алуы;
- қайта инвестицияланған кіріс (ШТИ бар қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасындағы немесе шығынындағы шетелдік тікелей инвесторлардың үлесі);
- өтеуді есептемегенде (борыштық капитал) шетелдік тікелей инвесторлар ақшалай, сондай-ақ өзге нысанда (тауарлар, жұмыстар, қызметтер, материалдық емес активтер және т.б. түрінде) берген кредиттер және несиелер бойынша қаражаттың келіп түсуі.

1999 жылға дейін, шетелдік инвесторлардың қатысуымен жекешелендіру бойынша мәмілелердің көпшілігін жүргізу кезеңінде, капиталға қатысу құралдарына ШТИ жалпы ағынының 20 - 40%-ы тиесілі. 2000 - 2004 жылдар аралығындағы кезеңде мұнай кен орындарын белсенді игеру борыштық қаржыландыруды тарта отырып жүзеге асырылған кезде, капиталға қатысу

құралдарының үлесі төмендеді (2000-2004 жж. орташа алғанда 8,2%). Түрлі жобаларды қаржыландыру және еншілес компаниялардың айналым капиталын толықтыру үшін тікелей инвесторлардан түскен кредиттер мен қарыздарды қамтитын борыштық капиталдың үлесі айтарлықтай ұлғайды және орташа алғанда осы кезеңде ШТИ ағынының 78,1%-на жуық.

Осындай борыштық міндеттемелерді өтеу борыштық капиталдың (фирмааралық берешектің) – ШТИ құрауыштарының негізгі ерекшелігі болып табылатындығын атап өткен жөн, үлестес емес кредиторлар арасындағы борышқа қарағанда, бірлескен кәсіпорын өзінің қызметінен түскен кірісті жинақтау мүмкіндігі негізінде айқындалады. Бұл кредитордың - тікелей инвестордың оның қызметін басқаруға өзінің қатысуы арқылы қарыз алушының төлем қабілетсіздігі тәуекелін бөлуге байланысты, ол бар болса, егер кәсіпорын пайда алса, онда ол тікелей инвесторға борыштық капиталды қайтаруды жүзеге асырады, егер жоқ болса – бұл жағдайда тікелей инвестор тікелей инвестициялау қызметіне байланысты зияндарға жауап береді. Сондықтан мемлекеттің фирмааралық берешекке байланысты тәуекелдері өте төмен бағаланады. Сонымен қатар, ШТИ бойынша борыштық капиталды өтеу бейрезиденттерге инвестициялық кірістер төлеу және елге ШТИ-дің таза түсуі сияқты елдің төлем балансының осындай көрсеткіштеріне ықпал ететіндігін ескере отырып, фирмааралық берешек елдің сыртқы борышы көрсеткішінің есебіне қосылады.

ШТИ ағынындағы қайта инвестицияланған пайданың, яғни инвестордың ұзақмерзімді ниетін көрсететін пайданың үлесі дивидендтер түрінде бөлінбейді, оны инвесторлар кәсіпорындарға қайта инвестициялайды, 1999 жылға дейін едәуір ғана болды, бірақ өсе бастады және орташа алғанда 2000-2004 жылдары 12,4% болды.

Егер Қазақстан егемендігінің қалыптасу басында шетелдік тікелей

инвестициялардың реципиенті болса, онда 2000 жылы Қазақстанның экономикасы шетелге инвестициялар салу үшін әлеует жинады және осы кезеңнен бастап қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік кәсіпорындардың капиталына маңызды инвестициялық салымдары байқала бастады. ШТИ-дің Қазақстанға осындай ағыны, ШТИ-дің Қазақстаннан жалпы ағынының статистикалық көрсеткіші сатуды шегере отырып, шетелдік акционерлік капиталға қатысты резиденттердің бейрезиденттерден сатып алуын, қайта инвестицияланған кірісті және қазақстандық тікелей инвесторлар берген кредиттер мен несиелер бойынша қаражат беруді қамтиды.

2008 - 2012 жылдар аралығындағы кезең Қазақстанға сыртқы қаржыландырудың айтарлықтай ағынымен, оның ішінде ШТИ түрінде сипатталды. 2012 жылы сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелері туралы жүйелі түрде есеп беретін респонденттер саны дерлік 10 мың кәсіпорынды құрады. Осы кезеңде шетелдік инвесторлардың қатысуымен, Қарашығанақ жобасы, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССТКӨБ АҚ), Қазақстан-Қытай құбыр жолдары және басқалары сияқты ірі жобалар іске асырылды.

2009 жылы Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) сыртқы сектор статистикасының көрсеткіштерін басқа макроэкономикалық көрсеткіштерімен өзара байланыстарын барынша тиімді көрсету мақсатында және деректерді халықаралық салыстыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында сыртқы сектордың – төлем балансының және халықаралық инвестициялық позицияның шоттарын жасау әдіснамасы жетілдірілді және жаңартылды. ХВҚ сыртқы сектор статистикасы саласындағы ұсынымдары жаңартылған «Ұлттық шоттар жүйесіне» және тікелей инвестициялар статистикасын жасау саласындағы халықаралық стандарттарға – «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) шетелдік тікелей инвестициялардың базалық

айқындамасына» (4-басылым, 2008 жылғы шығарылым) сәйкес келтірілді. Шетелдік тікелей инвестициялар қатысты бақылау және ықпал етуге қатысты айқындамалар қайта қаралды, тел кәсіпорындар арасындағы операцияларды есепке алу қосылды және активтер мен міндеттемелерді жалпы негізде және жіберу қағидатына сәйкес беру жүзеге асырылды. ХВҚ жаңа тәсілдері мен ұсынымдары Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позициясы жөніндегі нұсқаулықтың (бұдан әрі - 6ТБН) алтыншы басылымында көрсетілген.

Жаңа халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруді қамтамасыз ету мақсатында, ҚРҰБ 2013 жылы 6ТБН ХВҚ-ның жаңа әдіснамасы бойынша сыртқы экономикалық статистиканы қалыптастыруға өтуді жүзеге асырды. 6ТБН талаптарына сәйкес ШТИ статистикасын ұсыну статистикада жаңа экономикалық құбылыстарды көрсетуге және оның пайдаланушыларының талаптарын ескеруге мүмкіндік береді.

Шетелдік тікелей инвесторлардан инвестициялардың жалпы әкелінуі мен әкетілуі бойынша жаңа әдіснамаға өтуіне байланысты құралдардың капиталға қатысу бөлігінде оларды кейіннен сатуды шегермей капиталға қатысудың ұлғаюы ғана есепке алынатын болды.

6ТБН ұсынымдарына және ЭЫДҰ-дың ШТИ үшін Базалық айқындамасына сәйкес, ШТИ статистикасы бойынша жиынтық деректер халықаралық әдіснамалық стандарттардың өткен басылымдарында ұсынылғандай инвестицияларды жіберу қағидатына (2-Диаграмма) сәйкес емес, «активтер/міндеттемелер» (1-Диаграмма) қағидатына сәйкес қалыптастырылады. «Активтер/міндеттемелер» қағидатына сәйкес қалыптастырылған, ШТИ статистикасы бойынша деректерді төлем балансы және халықаралық инвестициялық позициясы инвестицияларының басқа да функционалдық санаттарымен және басқа макроэкономикалық көрсеткіштермен

салыстыруға келеді¹. Бұдан басқа, «активтер/міндеттемелер» қағидатына сәйкес ұсынылған ШТИ бойынша деректер, елдің қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы көлемін және құрылымын бағалауға мүмкіндік береді және елдің сыртқы күйзелістерге осалдығын бағалау үшін қолданылады.

Сонымен қатар, «активтер/міндеттемелер» қағидатына сәйкес берілген деректер шетелдік тікелей инвестициялар (бейрезиденттердің Қазақстанға инвестициялары/резиденттердің шетелге инвестициялары) негізіне жататын ықпалдардың бағытын ескермейді. Осыған байланысты, 6ТБН және ШТИ-дың ЭЫДҰ Базалық айқындамасы инвестицияларды жіберу қағидатына сәйкес экономикалық қызметтің түрлері бойынша және елдер бойынша бөле отырып, ШТИ бойынша деректерді қалыптастыруды ұсынады.

Бүгінгі күні ҚРҰБ тоқсан сайынғы негізде қалыптастыратын және жариялайтын ШТИ статистикасы кезең үшін жалпы/таза ағындарды, кезең соңындағы позицияны және кезеңдегі кірістерді қамтиды.

Ағындардың жалпы көрсеткіштеріне қарағанда капиталдың таза әкелінуі мен таза әкетілуі капиталдағы қатысу құралдары бойынша және борыштық міндеттемелер бойынша (борыштық міндеттемелерден төлемдерді шегергенде) сату немесе өтеуді ескере отырып деректерді (сатуларды шегергенде сатып алу) көрсетеді. Инвестициялардың жинақталған көлемі (кезеңнің соңындағы позиция) шетелге жіберілген және Қазақстан шетелден есепті күнгі жағдай бойынша алған инвестициялардың жалпы көлемі жөніндегі ақпаратты береді.

Тікелей инвестициялар бойынша кірістер статистикасы тікелей инвесторлардың және тікелей инвести-

¹ Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позицияның статистикасында инвестициялардың мынадай бес функционалдық санаты бөліп көрсетілген: тікелей инвестициялар, портфельдік инвестициялар, резервтік активтер, туынды қаржы құралдары және басқа инвестициялар.

**1-Диаграмма. ЭЫДҰ-дың ШТИ үшін Базалық айқындамасына сәйкес
«Активтер/міндеттемелер» қағидасы**

Қазақстанның активтері:

Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарға инвестициялары
плюс
(Кері) Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторларға инвестициялары
плюс
Қазақстандық кәсіпорындарының шетелдік тел кәсіпорындарға инвестициялары

Қазақстанның міндеттемелері:

Шетелдік тікелей инвесторлардың Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарға инвестициялары
плюс
(Кері) Шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарының Қазақстандық тікелей инвесторларға инвестициялары
плюс
Шетелдік кәсіпорындардың Қазақстандық тел кәсіпорындарға инвестициялары

**2-Диаграмма. ЭЫДҰ-дың ШТИ үшін Базалық айқындамасына сәйкес салым бағыты бойынша
қағидасы**

Қазақстаннан тікелей инвестициялар:

Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарға инвестициялары
минус
(Кері) Шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарының қазақстандық тікелей инвесторларға инвестициялары
плюс
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындарға инвестициялары, егер де соңғы бақылаушы бас кәсіпорын Қазақстандық
минус
Шетелдік кәсіпорындардың Қазақстандық тел кәсіпорындарға инвестициялар, егер де соңғы бақылаушы бас кәсіпорын Қазақстандық

**Қазақстанға тікелей
инвестициялар:**

Шетелдік тікелей инвесторлардың қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарға инвестициялары
минус
(Кері) Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторларға инвестициялары
плюс
Шетелдік кәсіпорындар Қазақстандық тел кәсіпорындарға инвестициялар, егер де соңғы бақылаушы бас кәсіпорын шетелдік
минус
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындарға инвестициялары, егер де соңғы бақылаушы бас кәсіпорын шетелдік

циялардың реципиент-кәсіпорындарының инвестициялық қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Тікелей инвестициялардан түсетін кірісте бөлінген кіріс (дивиденттер), борыштық міндеттемелер бойынша бөлініп таратылмаған пайда мен кіріс (қаржылық қарыздар, сауда кредиттері және борыштардың басқа түрлері бойынша сыйақы) қамтылады.

ШТИ статистикасының деректерін қайта қарау жылына екі рет жүзеге асырылады –жартыжылдық және жылдық есепті жасаған кезде және онда ағымдағы жыл және есепті жылдың алдындағы екі жыл қамтылады. Үлестес тараптарды және «Тікелей инвестициялар» бабына бұрын «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген ақпаратты ауыстыруды нақтылау ШТИ статистикасындағы өзгерістердің негізгі себебі болып табылады.


Тарихи кезеңдер үшін әдіснамалық тәсілдер мен қолда бар ақпараттың өзгеруін ескере отырып, 2005 жылдан бастап РПБ6 ұсынымдарына және тікелей шетелдік инвестициялардың ЭЫДҰ базалық анықтамасына сәйкес ШТИ-дің жалпы әкелінуі мен әкетілуі бойынша серпінді қатар қайта есептелді. Сонымен қоса, бастапқы деректер жеткіліксіз болуы салдарынан 1993-2004 жылдар аралығындағы кезеңде шетелдік тікелей инвесторлардан (шетелге Қазақстанның тікелей инвесторларынан) тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуінің (әкетілуінің) серпіні ХВҚ Төлем балансы және халықаралық позиция бойынша нұсқаулықтың (РПБ5) 5-басылымының әдіснамасына сәйкес жасалды және бейрезиденттердің резиденттерге капиталға қатысу құралдарын сатуын (резиденттердің бейрезиденттерге капиталға қатысу құралдарын сатуын) ескереді.

1993-2004 жылдар аралығында және 2005 жылдан басталатын кезеңде шетелдік тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуінің/әкетілуінің статистикасын жасауда түрлі әдіснамалық тәсілдерді


пайдалану тікелей шетелдік инвестициялардың статистикасында уақыт қатары белгі бір «үзілуіне» әкеледі. Сондықтан, ағындар бойынша деректерді одан әрі талдау әр кезең бойынша 1993-2004 жыл аралығы және 2005 жылдан бастап 2016 жылғы 1 жартыжылдық аралығы бойынша жеке берілген.

Әдеттегідей ШТИ қарсы циклдық сипатымен ерекшеленеді және ол басқа қаржылық ағындармен салыстырғанда аздап құбылмалы, себебі экономикалық

3-диаграмма. Құралдар бойынша Қазақстанға ШТИ-дың жалпы ағыны (РПБ5 әдістемесіне сәйкес)



4-диаграмма. Құралдар бойынша Қазақстанға ШТИ-дың жалпы ағыны (РПБ6 әдістемесіне сәйкес)




тұралауы кезеңінде кәсіпорындар негізгі компанияларынан қаржыландыруды алуды жалғастырады. Қазақстан экономикасы шикізатқа бағытталғанына байланысты, 2008 жылдан басталған кезеңде әлем экономикасының дағдарыс жағдайына қарамастан, ҚР ШТИ-дің жалпы әкелінуі қысқармады, 2008-2014 аралығында жеті жыл ішінде 20 млрд. АҚШ доллары деңгейінде сақталды. Алайда 2015 жылы 14,8 млрд. АҚШ долларына дейін елеулі түрде төмендеді және 2016 жылғы бірінші жартыжылдықта 9,3 млрд. АҚШ доллары болды. Осылайша, 1993-2004 жылдар аралығында Қазақстанға шетелдік тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі 34,2 млрд. АҚШ долларын құрады, ал 2005 жылдан бастап 2016 жылғы бірінші жартыжылдық аралығындағы кезеңде 231,6 млрд. АҚШ доллары болды.

Қазақстанға ШТИ-дің салалық құрылымында 1993-2004 жылдар аралығындағы кезеңде ШТИ-ді тарту бойынша көшбасшы орында тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді игеру (60%), одан әрі кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет (16%), өңдеу өнеркәсібі (14%), көтерме және бөлшек сауда және электрмен қамтамасыз ету (әр сала бойынша 2%) тұр.

2005 жылдан бастап геологиялық барлау және зерттеу жүргізу қызметіне инвестициялар қомақты өсті, осыған байланысты кәсіптік, ғылыми және техникалық қызметке ШТИ-дің әкелінуі салалық құрылымда көшбасшы орынды иеленуде (37%). Одан әрі тау-кен өнеркәсібіне және карьерлерді игеруге біріктірілген өңделмеген мұнай мен табиғи газды игеруге инвестициялар тұр, олар ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 26% құрайды. Өңдеу өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу және қаржылық және сақтандыру қызметі тиісінше ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 12%, 9% және 5% болды.

1993-2004 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан экономикасына

5-диаграмма. Салалар бойынша ШТИ-дың жалпы ағыны 1993 - 2004



*геологиялық барлаулар мен ізденістер бойынша қызметті қамтиды

6-диаграмма. Салалар бойынша ШТИ-дың жалпы ағыны 2005 - 2016 1 жартыжылдық



*геологиялық барлаулар мен ізденістер бойынша қызметті қамтиды

инвестициялауда көшбасшы елдердің ішінде АҚШ-ты атап өткен жөн, ол тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуінен 31%-ды салды, Ұлыбритания - 13%, Нидерланд - 10%, Италия және Швейцария әрбірі 6%-ды құрайды, Корея Республикасы – 5%, Қытай және Канада – 4%.


2005 жылдан басталған кезеңде Қазақстанға ШТИ-дің жалпы әкелінуінің құрылымында елдер бойынша Нидерланд (29%) басында келеді, одан әрі АҚШ (11%), Швейцария (7%), Қытай мен Франция (6%), Ұлыбритания (5%) және Ресей Федерациясы (4%) тұр.

Бұл ретте әлем өңірлері мен экономикалық аумақтар бойынша бөлгенде ЕО елдерін, Солтүстік Американы, Шығыс Азия мен ТМД елдерін атап өтуге болады, олардан жалпы әкеліну орташа алғанда соңғы үш жарым жылдағы ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 82,3%-ды құрайды.


ШТИ статистикасы бастапқы инвестициялайтын ел (ultimate investing country) бойынша емес тікелей қарсы агенттің елдері бойынша берілгенін атап өткен жөн. Осыған байланысты, ШТИ статистикасында «round-tripping» проблемасы бар, яғни Қазақстанға ШТИ тікелей инвесторлардан әрдайым келіп түспейді, ол арнайы мақсаттағы кәсіпорындар (бұдан әрі – АМК) арқылы келіп түсуі мүмкін. Мәселен, ШТИ-дің әкелінуі елдері бойынша құрылымының серпінінде соңғы онжылдықта Нидерланд көшбасшы болып келеді, себебі Нидерланд арқылы Қазақстан Республикасына басқа елдерден капитал транзиті жүзеге асырылады. Алайда бастапқы инвестициялайтын елді анықтау және шетелдік АМК арасында операцияларды бақылау – трансұлттық компаниялардың күрделі құрылымына байланысты қиын процес.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша бөле отырып 2005 жылдан басталған кезеңде шетелдік тікелей инвесторларға төленуге тиісті кірістер статистикасын талдау өңделмеген мұнай мен табиғи газды игеру; машиналар мен


7-диаграмма. Елдер бойынша ШТИ-дың жалпы ағыны 1993-2004



8-диаграмма. Елдер бойынша ШТИ-дың жалпы ағыны 2005 - 2016 1 жартыжылдық



9-диаграмма. Әлемдігінің аймақтық және экономикалық зоналар бойынша ШТИ-дің әкелінген жалпы ағыны (млрд. АҚШ долл.).



жабдықтан басқа, металлургия өнеркәсібі мен дайын металл өнімдерін өндіру; геологиялық барлауды және зерттеуді жүргізу қызметі; ақпарат пен байланыс; қаржылық және сақтандыру қызметі барынша жоғарғы кірісті жинақтайтынын көрсетеді. Бұл ретте тікелей инвесторларға төленуге тиісті кірістің көптеген бөлігі бөлініп таратылған кіріс (дивидендтер) құрайтынын атап өткен жөн, олардың үлесі жалпы кірістерден 74,5% тең келеді.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары ішінде елде игеру салаларында ғана емес өңдеу өнеркәсібінде, көлік пен байланыс салаларында да шетел инвесторларының қатысуымен жобалардың бірталай саны іске асырылды. Сонымен қоса, Қазақстан

10-диаграмма. Қазақстандық шетелдік инвестициялау кәсіпорындармен шетелдік тікелей инвесторларға төленетін кірістер



экономикасында өсу жағына қарай әлеуеті бар және қолайлы инвестициялық ахуал, «Нұрлы жол», ИИДМБ, «Агробизнес», «Бизнестің жол картасы», «Еңбекпен қамтудың жол картасы» дамудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру, «ЭКСПО-2017» өткізу, «Теңізшевройл» компаниясының Теңіз кен орнының өндірістік қуатын кеңейтуді қаржыландыру туралы шешімі және Қазақстанды ЭЫДҰ инвестициялар және бәсекелестік жөніндегі комитеттеріне қатысушы ретінде қабылдау сияқты осындай факторлар Қазақстанның экономикасын одан әрі дамытуға және жаңа ШТИ-ді тартуға әкеледі.

1-Кесте

Қазақстандық шетелдік инвестициялау кәсіпорындармен шетелдік тікелей инвесторларға төленетін кірістер 2005 жылдан бастап 1 жартыжылдық 2016 жылына

млрд.АҚШ доллары

Экономикалық қызмет түрінің атауы	2005 – 1 жартыжылдық 2016			
	Барлығы	оның ішінде:		
		акционерлік капитал бойынша кіріс		борыштық құралдар бойынша кірістер (сыйақы)
		қайта инвестицияланған кіріс	дивидендтер	
Барлығы	173,0	25,3	128,9	18,8
Шикі мұнайды және табиғи газды өндіру	120,1	9,3	108,0	2,8
Металлургия өнеркәсібі және машиналар мен жабдықтардан өзге дайын металл бұйымдарын өндіру	13,4	8,1	5,1	0,2
Геологиялық барлаулар мен ізденістер бойынша қызмет	13,9	0,0	0,4	13,5
Ақпарат және байланыс	3,4	0,8	2,5	0,0
Қаржы және сақтандыру қызметі	3,0	1,7	1,3	0,0
Басқа да қызметтер	19,2	5,4	11,6	2,2